

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы))

Ірешов Рашиддин Радамович
(білім алушының аты-жөні)

53075200 Инженерлік пәнарлер және жемілер
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын

үйдің жылу жүйесін жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 34 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба тапсырмаға сәйкес орындалған және бірнеше тараудан тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, техникалық және экономикалық бөлімдерден тұрады. Жоба барысында келесі есептер орындалды: қоршау құрылымының жылу техникалық есебі, қоршау құрылымының жылу жобалау, жылыту жүйесінің гидравликалық есебі.

Дипломдық жобала келесідей ескертулер жасалды.
- орфографиялық қателіктер бақыдалды.

Жұмысты бағалау

Студент Ірешов Рашиддин барлық тапсырмаларда сәтті орындалған. Жылыту жүйесін жобалауға қатысты барлық шешімдері жобаның деңгейде зерттелген. Осы тұрғын үйдің жылыту жүйесінің параметрлерін таңдап, тиісті негіздемелермен үлкен есептеулер жүргізілген.

Дипломдық жоба бағасы 90%

Сын-пікір беруші

Асетекінін директор ЖШС "BIMES"



Рақашев Е.Е.

(аты-жөні)

2022 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Эргешов Рамзиддин Дадашович

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау

Дипломдық жоба тапсырмаға сай орындалды. Студент алдына Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесі жобасын құру бойынша міндеттер қойылды. Жұмыс барысында келесі есептері қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы, жылыту жүйесінің гидравликалық есебі. Студент барлық тапсырмаларды сәтті орындады. Дипломдық жобаны жазу барысында студент күнтізбелік кестеге сәйкес белгіленген мерзімдерді сақтады.

Білім алушы Эргешов Рамзиддин Дадашович 5B075200 “Инженерлік желілер және жүйелер” мамандығы бойынша техника және технологиялық бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы 88%

Ғылыми жетекші

тех.ғыл.канд., қауым.проф.



Шегенбаев А.Т.

(колы)

« 10 » 05

2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Эргешов Рамзиддин

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау. .doc

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 6

Знаки из других алфавитов: 13

Интервалы: 0

Белые Знаки: 3

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 13.05.2022г

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Эргешов Рамзиддин

Тақырыбы: Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау. .doc

Жетекшісі: Амирхан Хойшиев

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 13

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 6

Ақ белгілер: 3

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

13.05.2022.

Кафедра меңгерушісі

Амиров К.
Жу

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Эргешов Рамзиддин

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау. .doc

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 6

Знаки из других алфавитов: 13

Интервалы: 0

Белые Знаки: 3

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата 13.05.2022.

Заведующий кафедрой
Аминова Р. Ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Эргешов Рамзиддин Дадашович

Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Алимова К.К.
«06» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін
жобалау”

Мамандығы 5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған

Р. Д. Эргешов Эргешов Р.Д.

Пікір беруші

Жетекші Шегенбаев А.Т.
Жетекші Шегенбаев А.Т.
«06» 05 2022 ж.



Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Шегенбаев А.Т.
«06» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., қауым.проф.

 Алимова К.К.

«24» 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Эргешов Рамзиддин Дадашович

Тақырыбы: Түркістан қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ғимарат қабаттарының жобасы, бас фасадтың бағыты, орналасу орны, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Қоршаушы құрылымдардың жылу техникалық есебі. Бөлмелердің жылу жоғалу есебі. Жылыту аспаптарын таңдау. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі. Жылыту жүйелерін құрастыру кезінде қауіпсіздік шараларын қарастыру;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Еңбек шығынының калькуляция есебі, күнтізбелік жоспар, жұмысшылардың қозғалыс графигі;

в) Экономика бөлімі: Келтірілген шығын есебі, негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жертөле жобасы; 2) Типтік қабат жобасы; 3) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (жоғарғы қатар); 4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы (төменгі қатар); 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	<i>Әмірханұлы</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	<i>Әмірханұлы</i>
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	<i>Әмірханұлы</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	Кашкинбаев И.З. техн.ғыл.д-ры, профессор	07.04.2022	<i>Кашкинбаев И.З.</i>
Экономика бөлімі	Шегенбаев А.Т. техн.ғыл.канд., қауым.проф.	10.04.22	<i>Шегенбаев А.Т.</i>
Норма бақылау	Хойшиев А.Н. техн.ғыл.канд., қауым.проф.	06.05.22	<i>Хойшиев А.Н.</i>

Жетекші

Шегенбаев А.Т. Шегенбаев А.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Эргешов Р.Д. Эргешов Р.Д.

Күні

«*06*» *05* 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Түркістан қаласындағы тұрғын үйдің жылыту жүйесі жобаланған. Жобаның мақсаты белгіленген тұрғын үйдің жылыту жүйесінің есебін жүргізу және жылыту аспаптарын таңдау. Жылыту аспаптары салыстырылып, тиімді және заманға сай жабдықтар қолданылған.

Гидравликалық есептеу кезінде құбырлардың диаметрі, судың жылдамдығы анықталған. Күнтізбелік жоспар әртүрлі жұмыстардың орындалу мерзімін көрсетеді. Жобаның экономика бөлімінде жылыту жүйесіндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысы, амортизациянды шығын, энергоресурстардың және материалдардың құны анықталады.

АННОТАЦИЯ

В этом дипломном проекте проектируется система отопления жилого дома в городе Туркестан. Цель проекта ведение учета системы отопления жилого дома и выбор отопительных приборов. Сравнивались отопительные приборы, использовалось эффективное и современное оборудование.

При выполнении гидравлических расчетов выясняются диаметры труб и скорость воды. В календарном плане показан очередной срок разных работ и технологические взаимосвязи. В отделе экономики выясняется общая сумма капитала, амортизационные расходы, стоимость энергоресурсов, а также стоимость материалов.

ABSTRACT

In this diploma project, the heating system of a residential complex in Turkestan was designed. The purpose of the project is to keep records of the heating system of a residential building and the choice of heating appliances. Heating devices were compared, efficient and modern equipment was used.

During the hydraulic calculation, the diameter of the pipes and the speed of water are determined. The calendar plan specifies the deadlines for performing various types of work. In the economics section of the project, the total amount of capital expenditures in the heating system, depreciation costs, and the cost of energy resources and materials are determined.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалауға керекті бастапқы деректер	8
1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есептері	8
1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы	15
1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	16
1.5 Жылыту жүйесін таңдау және құрастыру	17
1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есебі	17
1.7 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	19
1.8 Есептік су шығындары және элеватор таңдау	21
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	24
2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі	25
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	25
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	25
2.4 Көліктің қажеттілік есебі	26
2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	28
2.6 Өндірістік қауіпсіздік техникасы	28
3 Экономика бөлімі	29
3.1 Келтірілген шығын есебі	29
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33

КІРІСПЕ

Жылу энергиясының өндірілуі, тасымалдануы және пайдалануы қазіргі таңда ең ауқымды мәселелердің қатарында. Энергияны тиімді пайдалану бағытының бірі, аудандық қазандықтар немесе орталықтандырылған жылумен қамтуды пайдалану, сондықтан көбіне үлкен қалаларды жылумен жабдықтау кезінде жылуы электр орталығын немесе аудандық қазандықтарды пайдаланады, бұл жағдай отынды үнемдеуге пайдасын тигізеді.

Жылу энергиясыны ең көп қажет ететіні үй-жайларды жылытуда. Бұлардың басты себептерінің бірі жылдың суық мезгілінде ғимараттың сыртқы қабырғалары арқылы жоғалатын жылу шығыны болып саналады. Сондықтан болар, жылумен жабдықтауда ең алдымен сыртқы қабырғалардың жылуфизикалық және жылутехникалық есептеулері қарастырылады. Бір сөзбен айтқанда, жылыту дегеніміз жылдың суық кезеңінде үй-жайлардан, ғимараттардан жоғалатын жылу шығындарын жасанды түрде толықтыру.

Жылыту жүйесіні үш негізгі буынға бөліп қарастыруға болады. Олар: жылу көзінен, жылу көзін тасымалдайтын құбырлардан, жылыту аспаптарынан тұрады. Жылыту жүйесіні дұрыс тандау да жылу энергиясын үнемдеуге әсерін тигізеді.

Бұл дипломдық жобада Түркістан қаласында орналасқан жеті қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылады. Жылыту ретінде сулы жүйесі қабылданады және оны жобалау кезінде қазіргі заманда қолданылатын жылыту аспаптары мен жабдықтары қолданылды. Бөлмені жылыту жүйесімен қамтамасыз ету үшін ең алдымен, қоршаушы қабырғалар конструкциясының жылутехникалық және жылуфизикалық қасиеттерін анықтай отырып, сыртқы қоршаушының конструкциясы тандап алынады. Артынын бөлмелердің әрқайсысының сыртқы қоршаушылары арқылы жоғалтқан жылу шығыны анықталып, сыртқы қоршаушылардан жоғалған жылу шығыны арқылы жылыту жүйелерінің, жылу құрылғыларының есебі және гидравликалық есеп жүргізіледі.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға керекті бастапқы деректер

Ғимараттың жылыту жүйесін жобалауына қажетті деректер қабылданады.
Жобалау ауданы – Түркістан қаласы;

Ғимараттың аталуы – Тұрғын үй;

Қабат саны – 7;

Ғимараттың өлшемдері – 39,6 x 18 x 21 м³;

Ғимараттың биіктігі – 21 м;

Жылыту мерзіміндегі сыртқы ауаның есепті температурасы (ең суық бес күндік): $t_0 =$ минус 20,6°С;

Жылыту мерзіміндегі сыртқы ауаның орташа температурасы:
 $t_{от} =$ плюс 1°С;

Жылыту мерзімінің ұзақтығы – 148 тәулік;

Жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы – $v_0 = 0,8$ м/с;

Жылыту жүйесі – 2 құбырлы;

Жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы – $t_1 =$ плюс 95°С;

Жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы су температурасы – $t_2 =$ плюс 70°С;

Ғимараттың кірісіндегі жайғасқан арын – 7000 Па.

1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есептері

Жылыту жүйесінің басты мақсаты ғимарат бөлмелерінің сыртқы қоршаушылар арқылы жоғалатын жылу жоғалаудың орнын толтыру. Сондықтан алдымен сыртқы қабырға қоршаудың жылу жоғалуы жылутехникалық есебі жүзеге асырылады. Сыртқы қоршаушының жылу жоғалуы оның құрылымдары мен материалдардың көрсеткіштеріне қарай анықталады.

Жылу жоғалуы мәні екі түрге бөлінеді: қоршау конструкциялары арқылы жылу шығыны және желдету жүйесінің жұмысына байланысты шығындар. Бірақ бұл мәндерді есептеу және егжей - тегжейлі есеп беру үшін көптеген факторлар ескеріледі: үй - жайлардың ауданы, объектіні пайдаланудың мақсаты мен түрі, жылу өткізгіштік коэффициенті, бу өткізгіштігі және құрылыс конструкциялары материалдарының басқа да сипаттамалары, пайдалану факторларының әсерінен құрылыс материалдары қасиеттерінің ықтимал өзгерістері, шыны саны мен түрі, жылу оқшаулаудың болуы, бөлмедегі температура мен ылғалдылықтың қажетті деңгейі, аймақтың климаттық жағдайы. Осы факторлардың барлығына сүйене отырып, біз қолайлы қалыңдығын есептеп, қоршау конструкцияларына арналған материалдарды таңдаймыз. Сыртқы қоршаушыларда жылуөткізгіштік түрі көп болғандықтан,

ішкі және сыртқы ауа қатынастары сыртқы қоршаушылар арқылы қарастырылады. Жылутехникалық есепті орындауда қажетті мәліметтер: жылдың суық мерзімінде іштегі және сырттағы ауа термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары. Жылутехникалық есептеулер жылытылатын мерзімдегі ғимараттағы барлық бөлмелердің сыртқы қоршауларның санитарлық - гигиеналық талаптары мен пайдалану шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ғимараттың қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есебінде санитарлық-гигиеналық, жайлылық жағдайларына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі $R_0^{пр}$, $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, анықталады:

$$R_0^{пр} = \frac{n \cdot (t_i - t'_0)}{\alpha_b \cdot \Delta t_n}, \text{ } m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}, \quad (1)$$

мұндағы t_i – ішкі ауаның есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;

t'_0 – қыстағы ең суық бес күндік сыртқы ауаның температурасы;

n – сыртқы ауаға қатысты қоршаушы құрылымдардың сыртқы бетінің орналасуына қарай алынған коэффициент;

Δt_n – ішкі ауаның температурасы мен қоршаушы құрылымының ішкі бетінің температурасы арасындағы нормаланатын температура айырмашылығы, $^\circ\text{C}$;

α_b – қоршаушы құрылымының ішкі бетінің жылуөткізгіштік коэффициенті $\alpha_b = 8,7 \text{ } m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$.

Сыртқы қоршаушының жылулық кедергісін R_0 анықтаудан басталады және ол қоршаушының жылу таратуға келтірілген кедергіден $R_0^{пр}$ санитарлық - гигиеналық талаптарға сәйкес аз болмауы керек.

Сыртқы қоршаушылардың жалпы жылу өткізу кедергілері R_0 , $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ анықталады:

$$R_0 = R_i + R_1 + R_2 + \dots + R_c, \quad (2)$$

мұндағы R_i – қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылу өткізу кедергісі;

R_1, R_2, \dots, R_{n-1} – қоршаушының кабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері;

R_c – қоршаушының сыртқы бетінен ауаның жылуөткізгіштігінің кедергісі.

Қоршаушының ішкі бетінен ауаның жылуөткізу кедергісі R_i , $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, анықталады:

$$R_i = \frac{1}{\alpha_b}, \text{ } m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}, \quad (3)$$

мұндағы α_b – қоршаудың ішкі бетінен ауаның жылуөткізу коэффициенті.

Қоршаушының сыртқы бетінің жылуөткізу кедергісі R_c , $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, анықталады:

$$R_c = \frac{1}{\alpha_n}, m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}, \quad (4)$$

мұндағы α_n – қоршаушының сыртқы беттерінің жылуөткізу коэффициенті $\alpha_n = 23 \text{ Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$.

Қоршау қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері R_1, R_2 , $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, анықталады:

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}, m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}, \quad (5)$$

мұндағы δ_1 – қоршаушы қабаттарының қалыңдығы, м;

λ_1 – жылуөткізгіштік коэффициенті, $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$.

Жылыту кезеңінің градустық-тәулігі - жылыту кезеңінің ұзақтығына ішкі ауа температурасының және сыртқы ауаның орташа температурасының айырмасының көбейтіндісіне тең көрсеткіш, $^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}$:

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{om}) \cdot n_o, \quad (6)$$

мұндағы t_i – бөлмелердің ішкі ауа температурасы, $^\circ\text{C}$;

t_{om} – жылыту мерзімінің сыртқы ауа орташа температурасы, $^\circ\text{C}$;

n_o – жылыту мерзімінің ұзақтылығы.

Ғимараттағы барлық бөлмелердің сыртқы қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін, сыртқы қоршаушы құрылымдардың жылу өткізгіштік коэффициенттері анықталады, $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$:

Жобалауда мынадай шарт орындалуы керек:

$$R_0 > R_0^{np}.$$

Сыртқы қоршаушыларның жылуөткізгіштік коэффициенті k , $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$ анықталады:

$$k = \frac{1}{R_0} \text{ немесе } k = \frac{1}{R_0^{np}}, \quad (7)$$

Тұрғын үйдің сыртқы қабырғасының қажетті жылу өткізгіш кедергісі анықталады:

$$R_0^{тр} = \frac{1 \cdot (18 + 20,6)}{8,7 \cdot 4} = 1,1 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}.$$

Жылыту мерзімінің градус-тәулігі анықталады:

$$\text{ЖМГТ} = (18-1) \cdot 148 = 2516 \text{ } ^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}.$$

Жылуберудің келтірілген кедергісі анықталады:

$$R_0^k = \frac{2,8-2,1}{4000-2000} \cdot (2516-2000) + 2,1 = 2,09 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}.$$

Жылуоқшаулаудың жалпы қалыңдығы 70 мм болатын жағдайдан қабырғаның жалпы жылу өткізу кедергісін анықтау:

$$R_0 = \frac{1}{8,7} + \frac{0,08}{0,4} + \frac{0,05}{0,76} + \frac{0,07}{0,052} + \frac{0,38}{0,07} + \frac{0,02}{0,76} + \frac{1}{23} = 2,181 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}.$$


$R_0 = 2,181 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ үлкен $R_0^k = 2,09 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ -тан, сондықтан сыртқы қабырға үшін жылуоқшаулаудың қалыңдығы дұрыс таңдалған.

Жылуөткізгіштік коэффициенті анықталады:

$$k = \frac{1}{2,181} = 0,436 \text{ Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

1 Кесте – Сыртқы қабырғаның жылуфизикалық көрсеткіші

Қоршаушы конструкциясының құрамы.	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөт.кізгіштігі, $\lambda, \text{Вт}/\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$
Цементқұм ерітіндісі	0,02	0,76	0,026
Тұтастайкірпішпен қалау	0,38	0,7	0,543
Пенополистирол	0,07	0,052	1,346
Ауа қабаты	0,05	0,76	0,066
Фиброцемент плита	0,08	0,4	0,200
R_i			0,115
R_e			0,043
R_0			2,181
k			0,436



1 Сурет – Сыртқы қабырға конструкциясы

Төбежабынның қажетті жылу өткізгіш кедергісі анықталады:

$$R_0^{тр} = \frac{1 \cdot (18 + 20,6)}{8,7 \cdot 3} = 1,5 \text{ м}^2 \text{°C/Вт.}$$

Жылу берудің келтірілген кедергісі анықталады:

$$R_0^k = \frac{3,7 - 2,8}{4000 - 2000} \cdot (2516 - 2000) + 2,8 = 3,03 \text{ м}^2 \text{°C/Вт.}$$

Жылу оқшаулаудың жалпы қалыңдығы 40 мм болатын жағдайдан қабырғаның жылу кедергісін анықтау:

$$R_0 = \frac{1}{8,7} + \frac{0,22}{1,62} + \frac{0,010}{0,170} + \frac{0,04}{0,052} + \frac{0,05}{0,76} + \frac{1}{23} = 3,1 \text{ м}^2 \text{°C/Вт.}$$


Алынған нәтижеден қорытынды жасауға болады: $R_0 = 3,1 \text{ м}^2 \text{°C/Вт}$ үлкен $R_0^k = 3,03 \text{ м}^2 \text{°C/Вт}$.

2 Кесте – Төбе жабынның жылу физикалық көрсеткіші

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ, м	Жылу өткізгіштігі, λ, Вт/м ² °C	Кедергісі, R, м ² °C/Вт
Цемент құм ерітіндісі	0,05	0,76	0,066
Пенополистирол	0,04	0,052	1,333
Руберойд	0,01	0,17	0,059
Темір бетон плита	0,22	0,135	1,630
R _i			0,115
R _e			0,043
R ₀			3,1
k			0,312

Жылуөткізгіштік коэффициенті анықталады:

$$k = \frac{1}{3,1} = 0,312 \text{ Вт/м}^2 \text{ } ^\circ\text{С.}$$



2 Сурет – Төбе жабын конструкциясы

Еденнің қажетті жылу өткізгіш кедергісі анықталады:

$$R_0^{тр} = \frac{1 \cdot (18 + 20,6)}{8,7 \cdot 2} = 2,21 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{С/Вт.}$$

Жылуберудің келтірілген кедергісі анықталады:

$$R_0^k = \frac{3,7 - 2,8}{4000 - 2000} \cdot (2516 - 2000) + 2,8 = 3,03 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{С/Вт.}$$

Жылуоқшаулаудың жалпы қалыңдығы 70 мм болатын жағдайда еденнің жалпы жылу өткізіу кедергісін анықтау:

$$R_0 = \frac{1}{8,7} + \frac{0,22}{0,162} + \frac{0,04}{0,52} + \frac{0,03}{0,076} + \frac{0,005}{2,38} + \frac{1}{23} = 3,5 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{С/Вт.}$$


Алынған нәтижеден қорытынды жасауға болады: $R_0 = 3,5 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{С/Вт}$ үлкен $R_0^k = 3,03 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{С/Вт}$ -тан, сондықтан еден үшін жылуоқшаулаудың қалыңдығы дұрыс таңдалған.

Жылуөткізгіштік коэффициенті анықталады:

$$k = \frac{1}{3,5} = 0,319 \text{ Вт/м}^2 \text{ } ^\circ\text{С.}$$

3 Кесте – Еденнің жылуфизикалық көрсеткіші

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/м ² °С	Кедергісі, R, м ² °С/Вт
Линолеум	0,005	0,38	0,013
Цементкүм ерітіндісі	0,03	0,76	0,039
Пенополистирол	0,04	0,052	1,333
Темір бетон плита	0,22	0,135	1,630
R _i			0,115
R _c			0,043
R ₀			3,5
k			0,319



3 Сурет – Еден конструкциясы

Терезелер әйнектерінің аралығы 12 мм болатын әйнекпакеттерден тұрады. Жылулық кедергісі $R=0,54 \text{ м}^2 \text{ °С/Вт}$ және қалыңдығы $\delta=0,04 \text{ м}$ -ге тең болады.

Жылу берудің келтірілген кедергісі анықталады:

$$R_o^k = \frac{0,45-0,30}{4000-2000} \cdot (2516-2000) + 0,30 = 0,378 \text{ м}^2 \text{ °С/Вт}.$$

Жылуөткізгіштік коэффициенті анықталады:

$$k = \frac{1}{0,54} = 1,8 \text{ Вт/м}^2 \text{ °С},$$

$$k = 1,8 - 0,4 = 1,4 \text{ Вт/м}^2 \text{ °С}.$$

4 Кесте – Терезенің жылуфизикалық көрсеткіші

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ, м	Жылуөткізгіштігі, λ, Вт/м ² °С	Кедергісі, R, м ² °С/Вт
Әйнекпакет RENAУ	0,04		0,540
R _o			0,540

1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Жылу шығыны - бұл ғимараттан тыс мақсатсыз кететін жылу. Жалпы жылу шығыны негізгі және қосымша болып табылады. Негізгі жылу шығындары бөлменің қоршау құрылымдары арқылы жылу ағынын қосу арқылы анықталады.

Жылыту жүйесін жобалау үшін бөлмелердің сыртқы қоршаушылары арқылы жоғалатын жылу мөлшері анықталады.

Сыртқы қоршаушының негізгі жылу жоғалуы $Q_{\text{нег}}$, Вт, мына формуламен есептеледі:

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \text{ Вт}, \quad (8)$$

мұндағы k – жылуөткізгіштік коэффициенті, Вт/м²°С;

A – сыртқы қоршаудың ауданы, м²;

t_i – бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы °С, (бөлмеге байланысты);

t'_0 – сыртқы ауаның есептік температурасы, °С, (жылыту жүйесін есептеуде ең салқан бес күндік).

Сыртқы қоршаушылардың жалпы жылу жоғалуы көптеген факторларға байланысты. Ондай факторлар сыртқы қабырғалардың орналасу бағыты, жел жылдамдығы, сыртқы қоршаудың биіктігіне байланысты. Сыртқы қоршаушылардан жалпы жылу жоғалуы, Вт, төмендегі өрнек бойынша анықталады:

$$Q_{\text{жал}} = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta), \quad (9)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуыларды ескеретін коэффициенттері қосындысы, қабылданады: есептелінетін бөлімеде екі қабырға балғанда – 5 пайыз (0.05); сыртқы қоршаушының биіктігіне байланысты 4 метрден жоғарға әр 1 метр үшін – 2 пайыз (0.02); сыртқы қоршаушы қабырғаның бағытына байланысты шығыс пен солтүстік – 10 пайыз (0.1), батысы – 5 пайыз (0.05), оңтүстік – 0; жел жылдамдығына 5 м/с-тен кіші болса – 5 пайыз (0.05), ал егер 5 м/с тен артық болса – 10 пайыз (0.1).

Мысалы: 101 бөлмесі үшін сыртқы қабырғадан жылу жоғалу есебі:

$$Q_{\text{жал}} = 10,85 \cdot 0,436 \cdot (20 - (-20,6)) \cdot 1,15 = 220,95 \text{ Вт}.$$

Ғимараттың сыртқы қоршауларының жылу жоғалуы есебі А.1 және А.2 кестелерінде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттан жылу жоғалуыны Q_0 , Вт, іріктелген түріде мына формуламен есептелді:

$$Q_0 = q_0 \cdot V \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \text{ Вт}, \quad (10)$$

$$Q_0 = 0,403 \cdot 13744,8 \cdot (18 - (-20,6)) \cdot 1,18 = 241283,89 \text{ Вт}.$$

мұндағы q_0 – жылытудың іріктелген жылу көрсеткіштерінің коэффициенті, Вт/м²°С, қабылданады ғимараттың сыртқы өлшеміне, алынған көлеміне байланысты, $q_0 = 0,403$ Вт/м²°С;

V – ғимараттың көлемі, м³;

$t_i - t'_0$ – ауаның ішкі және сыртқы есепті температуралары, °С;

n – түзету коэффициенті, $n = 1,18$ t'_0 -қа байланысты қабылданады.

$$V = a \cdot b \cdot h, \text{ м}^3, \quad (11)$$

$$V = 18 \cdot 33,2 \cdot 21 = 13744,8 \text{ м}^3$$

Ғимараттың жылыту жүйесінің есеті қуаты анықталады:

$$Q_{\text{ж.ж}} = k \cdot \sum Q_{\text{ж}}, \text{ Вт}, \quad (12)$$

мұндағы k – қосымша түзету коэффициенті, қабылданады $1,07 \div 1,2$.

$$Q_{\text{ж.ж}} = 1,1 \cdot 2412283,89 = 265412,280 \text{ Вт},$$

Жылыту жүйесінің жылдық жүктемесі анықталады:

$$Q_{\text{ж.ж}}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot q_0 \left(\frac{t_i - t_{\text{от}}}{t_i - t'_0} \right) \cdot V \cdot n, \text{ кДж / жыл}, \quad (13)$$

$$Q_{\text{ж.ж}}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot 0,403 \cdot \left(\frac{18 - 1}{18 - (-20,6)} \right) \cdot 13744,9 \cdot 1,18 = 31192865,11 \text{ кДж/жыл}.$$

мұндағы $t_{\text{от}}$ – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауа орташа температурасы, °С;
 n – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

1.5 Жылыту жүйесін таңдау және құрастыру

Жылыту жүйесі мен жылыту аспаптарын таңдау барысында бірқатар факторларды қарастырады: ғимаратты жылытудың себептері, технологиялық жоспарлаудың ерекшелігі, жылыту жүйесінің түрі, жылыту аспаптарының көсеткіштерін.

Жылыту жүйелеріне қойылатын талаптар:

Санитарлық - гигиеналық: ішкі ауа мен сыртқы қоршаушлардың ішкі бетіндегі нормал температураны сақтап тұруы;

Экономикалық: қолжетімділігі, эксплуатация барысында жылуэнергиясын тиімді жұмсауы;

Сәулет - құрылыстық: бөлме дизайнына сәйкес әдемі болуы, құрылыс конструкциясымен үйлесімдігі;

Өндірістік және монтаждық: түйіндері мен бөлшектері байланыстарының біркелкілігі, еңбек шығындарының аз болуы, монтаждаудағы жеңілдігі;

Эксплуатациялық: жұмыс барысында тиімді, сенімді, қауіпсіз және шусыз жұмыс жасауы.

Бұл дипломдық жобада аудандық қазандық, екі құбырлы, сулы жылыту жүйесі таңдалған. Үй-жайларда және қоғамдық ғимараттарда кеңінен қолданылатын жылытудың түрі – сулы жүйе. Ол арзан және қолжетімді болып, оның жылусыйымдылығы мен жылуөткізгіштігі жоғары болады. Су ауадан төрт мың есе көп жылу мөлшерін жұтады, яғни жылуыды көп мөлшерде тасымалдай алады. Сулы жүйені тағы бір арытықшылығы, жылу аспабындағы температураны реттей отырып әр бөлімеде жеке комфортты температураны орнатуға болады. Сулы жылыту жүйесі құбыр санына байланысты – бір құбырлы және екі құбырлы, жылу көзіне байланысты – орталықтандырылған және жергілікті, құбырдың төселу тәсіліне қарай – тік, көледенен, төменгі және жоғарғы, жылутасымалдағыштың жылжуына байланысты – тұйық және ілеспелі, жүйедегі судың айналыуына байланысты – табиғи және жасанды циркуляциялы деп бөлінеді.

1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есебі

Жылыту аспаптары – жылыту жүйесінің негізгі элементтері болып саналады. Бөлмеге қажетті жылуы мөлшері жылыту аспаптары арқылы беріледі. Берілетін жылу мөлшері бөлменің сыртқы қабырғалары арқылы жоғалатын жылу шығынымен бірдей болады. Жылыту құралдары пішініне, материалына қарай түрлерге бөлінеді: конвекторлар, радиаторлар, регисторлар, жылыту панельдері, болат құбырлар, жылыту агрегаттары. Жылыту аспаптары сыртқы қабырғаның терезелер астына қойылады, өйткені терезеден кіретін суық ауа қабатының бөлмеге бірден енуінің алдын алу мақсатында.

Жылулық есебнің мақсаты бөлмеге керек аспаптардың санын анықтау болып, ол үшін аспаптардың жылу беті ауданы табылады. Жылыту аспабының жылу беті ауданын анықтау барысында жылу өткізгіштігі әсерін тигізеді.

Жылыту жүйелерінде жылыту аспабының есепті жылу бетінің ауданы төмендегі формула бойынша анықталады:

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k \cdot (t_{\text{opt}} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \text{ м}^2, \quad (14)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ – бөлменің жылу жоғалу шығыны, Вт;

k – жылыту аспабының жылу өткізгіштік коэффициенті;

β_1 – жылыту аспабының артық ауданы арқылы жылу таратуын ескеретін түзету коэффициент, шойын радиаторлар мен конвекторларға 1,03÷1,08;

β_2 – жылыту аспаптары сыртқы қабырғаға орнатылуына қарай қосымша жылу шығынын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады: шойын радиаторларда 1,02; конвекторларда 1,03; панельді радиаторларда 1,04;

t_i – бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы, °С;

t_{opt} – жылу тасымалдағыштың (судың) орташа температурасы, °С, анықталады:

$$t_{\text{opt}} = \frac{t_1 + t_2}{2} = \frac{\tau_{01} - \tau_{02}}{2}, \text{ °С}, \quad (15)$$

мұндағы t_1 – жылыту жүйесінде беретін құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы, °С;

t_2 – жылыту жүйесіндегі қайтатын құбырдағы судың температурасы, °С, екі құбырлы жүйе болғандықтан: $t_{\text{opt}} = \text{const}$.

Жылыту аспаптарының жылу бетінің ауданын анықтағаннан кейін, оның орнатылатын есепті саны анықталады:


$$N_{\text{жа}} = \frac{A_{\text{жа}} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \text{ дана}, \quad (16)$$

мұндағы φ_c – орнатуға қабылданған жылыту аспабының бір секциясының жылу беті ауданы, м².

β_3 – жылыту аспабының секция санын ескеретін түзету коэффициент;

β_4 – жылыту аспабы бөлмеде орнатылуына қарай ескеретін түзету коэффициенті.

Жылыту аспабының есебі А.3 кестесінде көрсетілген.



4 Сурет – Royal Thermo 500 биметалл радиаторы

Бұл дипломдық жобада жылыту аспабына Royal Thermo 500 радиаторлары таңдалған, Royal Thermo - бұл толық биметалды және әдемі дизайндағы биметалл радиатор. Royal Thermo радиаторларының сапасы жоғары, сенімділігі 25 жылдық кепілдікпен. Бұл радиатордың 3 түсі болып келеді: күлгін, қара түсті, ақ түсті. Биметалл радиаторларды тұрғын, өнеркәсіптік, қоғамдық ғимараттардың, әкімшілік, медициналық мекемелердің, сонымен бірге жеке үйлер мен коттеждердің сулы жылыту жүйелерінде қолдануға арналған.

1.7 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Бөлмелерде жылыту аспаптары мен тік құбырлардың орны ғимараттың жобасында белгіленді және жер төле жобасында тарату құбырларының өтетін жолы және соған сәйкес жергілікті жылу пунктiнiң орны анықталды. Гидравликалық есептеу жүргізу үшін алдымен ғимараттың аксонометриялық сұлбасы сызылып, учаскелердің нөмерлері, жылу мөлшері мен су шығындары және учаска ұзындықтары көрсетіледі. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебінің басты мақсаты: жылу жүйесіндегі құбырлардың шартты диаметрлерін таңдап алу және жоғалатын қысымды анықтау.

Әр учаскедегі есепті су шығыны мына формуламен анықталады:

$$G_0 = \frac{Q_0}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_0}{c(\tau_{01} - \tau_{02})}, \text{ кг/с}, \quad (17)$$

мұндағы Q_0 – әр учаскенің жылу жүктемесі, Вт;
 c – судын меншікті жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}$ С, қабылданады:
 4189 Дж/кг $^{\circ}$ С;

τ_{01} – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы жылу тасымалдағышының температурасы, $^{\circ}$ С;

τ_{02} – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы жылу тасымалдағышының температурасы, $^{\circ}$ С.

Есепті айналымды сақинасының орташа меншікті қысым жоғалуы мына формуламен анықталады:

$$R_{\text{орт}} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\Sigma l}, \text{ Па/м}, \quad (18)$$

мұндағы φ – үйкеліс кезінде жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент болы, екі құбырлы жүйеде – 0,35 деп қабылданады.

Жылыту жүйесінің жеке учаскелеріндегі жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{ Па}, \quad (19)$$

мұндағы ΔP_l – құбыр ұзындықта жоғалатын қысым, Па;

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

$$\Delta P_l = \frac{\rho \cdot V^2}{2 \cdot l} = R \cdot L, \text{ Па}, \quad (20)$$

мұндағы R – 1 м ұзындықта меншікті жоғалатын қысым, Па/м;

ΔP_m – жергілікті кедергіде жоғалатын қысым, Па, ол:

$$\Delta P_m = z = \frac{\Sigma \varepsilon \cdot \rho \cdot V^2}{2} = R_{\text{дин}} \cdot \Sigma \varepsilon, \text{ Па}, \quad (21)$$

мұндағы $R_{\text{дин}}$ – динамикалық қысым, құбырдағы судың жылдамдығына байланысты қабылданады, Па;

$\Sigma \varepsilon$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеде бөлек есептеледі.

Жергілікті кедергілер ретінде: ысырмалар, үштарамадар, крестовиналар, екіжақты реттегіш крандар, бұрылыстар, вентильдер мен жылыту аспаптары және тағыда басқалары қарастырылады.

Гидравликалық есеп бірінші есепті айналымды сақинаға жүргізіп, ол жергілікті жылу пункттан ең алыс жатқан тік құбыр арқылы есептелінеді.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі мен жергілікті кедергілер А.4 және А.7 кестелерінде көрсетілген.

1.8 Есептік су шығындары және элеватор таңдау

Тұрғын үйдің жергілікті жылу пункті жертөледе орналасқан. Жергілікті жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы суараластырғыш элеватор болып есептеледi. Элеватор құрылғысы дегенiмiз бұл жылыту жүйесiнен келетiн салқындатылған суды араластыру арқылы кiретiн салқындатқыштың қысымы мен температурасын төмендететiн энергияға тәуелсiз құрылғы. Жылыту жүйесiнiң элеваторлық торабы – үйдiң жылыту жабдығының бөлiгi болып табылатын ерекше функционалдық механизм. Шын мәнiнде, ол су ағынының немесе эжекциялық сорғының рөлiн атқарады. Құрылғының арқасында элеватор жылу жүйесiндегi қысымды жоғарылатуға мүмкiндiк бередi, ал салқындатқыштың көлемiн арттырады және құбырлардағы су жабық кеңiстiкке байланысты бұға айналмай 150°C дейiн қызады. Сонымен қатар, элеваторда жоғары қысым пайда болады. Элеватор құрылғысы жасайтын барлық көрсетiлген жағдайлар жылу құбырларына одан әрi тиiмдi жылу беруге ықпал етедi. 150°C су тiкелей пайдалану орнына жақындағаннан кейiн элеватор қосылады. Суағынды элеватор судың температурасы мен қысымын төмендетуi керек, өйткенi мұндай қыздырылған күйде салқындатқыш жылу жүйелерiне кiре алмайды.

Элеваторды таңдау үшiн келесi жолмен арнайы есептер жүргiзiледi:

1) Жылу желiсiнен түсетiн судың шығыны анықталады:

$$G_{ж.ж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \text{ кг/с}, \quad (22)$$

мұндағы $Q_{ж}$ – жылыту жүйесiнiң жалпы жылу шығыты, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – судың температуралары, °С.

$$G_{жж} = \frac{92925}{4189 \cdot (150 - 70)} = 0,277 \text{ кг/с.}$$

2) Элеватордың араластыру коэффициентi анықталады:

$$u = \frac{T_1 - t_1}{t_1 - t_2}, \quad (23)$$

$$u = \frac{150 - 95}{95 - 70} = 2,2.$$

3) Жылыту жүйесiне түсетiн судың шығыны анықталады:

$$G_{\text{ж.ж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \text{ кг/с}, \quad (24)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °С.

$$G_{\text{ж.ж}} = \frac{92925}{4189 \cdot (95 - 70)} = 0,882, \text{ кг/с},$$

$$G_{\text{жж}} = 0,882 \cdot 3,6 = 3,19 \text{ т/сағ.}$$

4) Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_{\text{м}} = 1,55 = \frac{G_{\text{жж}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \text{ см}, \quad (25)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

$$d_{\text{м}} = 1,55 \cdot \frac{3,19^{0,5}}{0,68^{0,25}} = 3 \text{ см.}$$

5) Элеватор сопласының диаметрі анықталады:

$$d_{\text{с}} = \frac{d_{\text{г}}}{1+u}, \text{ см}, \quad (26)$$

$$d_{\text{с}} = \frac{30}{1+2,2} = 0,94 \text{ см.}$$


6) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалтатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_{\text{с}}^4}, \text{ Па}, \quad (27)$$

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,277^2}{0,94^4} = 0,61 \text{ Па.}$$

Суағынды элеваторда сыртқы жылу желісінен келетін тасымаладағыштың температурасы $T_1=150^\circ\text{C}$ жылыту жүйесінің талабына сәйкес $t_1=95^\circ\text{C}$ келтіреді. Элеваторлар шойын немесе болаттан стандартты өлшемдермен №1÷7 дайындалады, осыған сәйкес араластырғыш камераның диаметрі 15÷50 мм болады.

Есеп соңында элеватордың типтік номері таңдалып, қабылдаймыз: есептеуден шыққан $d_c=3$ см және $d_m=30$ мм мәндері арқылы элеватордың типтік стандартты элеватор №3 таңдап алдым.



1 – сопло; 2 – араластырғыш камера; 3 – сору камерасы; 4 – мойын; 5 – диффузор

5 Сурет – Суағынды элеватор

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы - монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру, өндіруге арналған нұсқаулықтардан тұрады және өнімділікті арттыруға, еңбек шығындарын азайтуға, монтаждау жұмыстарының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жұмыстарды дайындауға арналған жалпы жобада осыларды қарастырады: жұмыстарды орындау жөніндегі нұсқаулықтар, еңбек пен жалақы шығындарын есептеу, қызметкерлерге қажетті жұмыс кестесі, негізгі және көмекші материалдар тізімдері, арнайы механизмдер, қажетті құралдар туралы ақпараттар тізімі, техникалық - экономикалық көрсеткіштерден, қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар.

Құрылыс процестерін орындау кезінде мыналарды қажет етеді: машиналар, механизмдер мен арнайы құралдарды, арнайы құралдар арқылы жұмыстарды орындайтын жұмысшылар, материалдар жеткізетін көліктер және тағыды басқалары.

Жылыту жүйесін орнату жұмыстары келесідей: дайындық, өлшеу, монтаждау, орнату және тексеру болып бөлінеді. Монтаждау кезегінде, құрастыру жұмыстары: үштарам, креставина, бұрылыстарды жалғау процестері кеңінен жүреді.

Монтаждау жұмыстары өз кезегінде келесідей жүреді: жылыту жабдықтарын, керекті болат құбырларды құрылыс жүретін алаңына жеткізу, жылыту жабдықтары мен жылытуға қажетті аспаптарды орнату, орнатылған жүйелерді қажетті мамандар тексеруінен өткізіп, тапсырыс берген мекемеге көрсетілген мерзім ішінде тапсыру.

Барлық өндірістік жұмыстарды уақытылы орындау үшін құрылыс-монтаждау ұйымына техникалық құжаттама, сызбалар және сметалар тапсырылады.

Қазіргі таңда құрылыс өндірісінде ауыр және көп еңбекті қажет ететін жұмыстардың барлық негізгі түрлері, құрылыс машиналарымен немесе механикаландырылған құралдар көмегімен жасалады, машиналарды қолдану мүмкін болмаған жағдайда немесе өте аз көлемде жұмыс қолмен, жұмысшы күшімен, жасалады.

Құрылыста жұмыстарды жүргізудің оңтайлы, тиімді тәсілдерімен қамтамасыз ету үшін құрылысқа ұйымдастыру - техникалық дайындық бойынша бастапқы іс-шаралар, соның негізінде құрылысты ұйымдастыру және жұмыс өндірісі жөніндегі жобалау құжаттамалары дайындалады.

Технологиялық карталар жұмыс өндірісіндегі жобасының негізгі құжаттарының бірі болып, олар жұмыс өндірісінің дұрыс ұтымды жолмен, құрылыс-монтаж процестерінің технологиялық реттілігін таңдауға көмегін тигізеді және жұмыс барысының берілген мерзімде, құжаттарға сай жасалуын қамтамасыз етеді.

2.1 Жұмыс көлемінің ақпарат тізімі

Жинақтау жұмысының көлемі ғимарат және жобаның конструктивті шешімімен анықталады, жинақтау процестерінің тізімдері жинақтау жұмысына жататын жабдықтардың пайдалануға байланысты қабылданады. Осыған сәйкес құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемінің ақпарат тізімі жасалады. Жекелеген конструкциялардың көлемін және жұмыс түрлерін есептеудегі өлшем бірліктері сметалық нормаларда қабылданған және құрылыс нормалары және ережелерінің тиісті тарауларының техникалық бөліктерінде келтірілген өлшем бірліктеріне дәл сәйкес келуі тиіс.

Жұмыс көлемін есептеулердің барысы мен олардың реттілігін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін типтік диаграммалар, эскиздер мен кестелер бойынша есептеу ұсынылады. Бұл екінші адамның есептеулерін тексеруді айтарлықтай жеңілдетеді. Жұмыс көлемін есептеу белгілі бір тәртіппен жүргізілуі керек.

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарын есептеу жұмысшылар сызбасының негізінен және жинақтау жұмысының таңдалған әдісі түсініктемесінен құрастырылады.

Бірыңғай нормалар және бағалар бойынша құрылыс, жинақтау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының шығындары, содан кейін қндіпіс бойынша көлемдері анықталады. Шығындар объектінің немесе өнімнің жоспарланған немесе нақты құнын анықтауға мүмкіндік береді және оларды бағалау үшін бастама болып табылады. Құрылыстың өзіндік құны жұмыстың осы түрі көлем бірлігі өндірісінің материалдық, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбек сыйымдылығы аусым-күн немесе аусым-сағатпен көрсетілген жұмыстың осы түрі көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыстың ұзақтығы нақты құрылыс процесі жұмысының көлемін орындауға шығатын уақытпен табылады. Кешенді өндірістің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы процесті орындауға қабылданған қабылданған технологиялық схемаға байланысты болады.

Еңбек шығынының калькуляциясының нәтижелері Ә.1 кестесінде көрсетілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар жұмыс пен оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық көрінісі.

Күнтізбелік жоспардың орындауға керекті мәліметтер: жабдықтардың жинақтау жұмысының нормативті уақыты, кадрлар, машиналар және механизмдер жайында, жабдықтардың жеткізілуі жайында, еңбек шығынының калькуляциясы жайында және тағыда басқа мәліметтер

Күнтізбелік жоспарды тұрғызу және есептеу үшін қажетті мәліметтермен ақпарат тізімі құрастырылады, олар Б қосымшасында келтірілген.

Жұмысшылардың қозғалыс графигі барлық жинақтау жұмысы кезінде жұмысшыларды бір қалыпты пайдаланылуы мен өндірісте олардың санының қысқартылу мүмкіндігі қарастырылады. Ол күнтізбелік жоспардың негізінде орындалады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек.

Ол мына формула бойынша анықталады:

$$k = \frac{n_{\max}}{n_{\text{ор}}}, \quad (28)$$

мұндағы $n_{\text{ор}}$ – жұмысшылардың орташа саны, адам.

$$n_{\text{ор}} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \quad (29)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i t_i$ – i -ші жұмыс бойынша жылу сыйымдылық(еңбек шығыны), адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, 1-ге тең деп қабылданады.

Қабылданады $\sum Q = 62,92$ адам·күн және $T = 17$ күн, жұмысшылардың орташа саны тең болады:

$$n_{\text{ор}} = \frac{62,92}{17} = 4 \text{ адам,}$$

$$k = \frac{6}{4} = 1,5.$$

2.4 Көліктің қажеттілік есебі

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып, транспорт саны N , дана мына формула бойынша анықталады:

$$N = \frac{Q}{P_{\text{тәу}} \cdot T}, \quad (30)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны $Q = 3$ тонна;
 T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;
 $P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/аусым мына формула бойынша анықталады:

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (31)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 3 тонна деп қабылданады;
 n_p – аусымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады:

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{ср}}}\right) + t_{\text{ти}} + t_{\text{т}} + t_{\text{м}}}, \quad (32)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – ауысым ұзақтылығы, 8 сағ;
 L – базаға дейінгі арақашықтық, 22 км;
 $V_{\text{ср}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;
 $t_{\text{ти}}$ – жүкті тиеу уақыты;
 $t_{\text{т}}$ – жүкті түсіру уақыты: $t_{\text{т}} = t_{\text{ти}} = 60$ мин;
 $t_{\text{м}}$ – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты,
 Енді ауысымдағы автокөлік рейстерінің санын есептейміз:

$$n_p = \frac{8}{\left(2 \cdot \frac{22}{60}\right) + 0.83 + 0.83 + 0.08} = 3,32 \text{ рейс}$$

Есеп бойынша ауысымда 4 рейс деп қабылданады. Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынадай есептелінеді:

$$P_{\text{тәу}} = 3 \cdot 4 = 12 \text{ т/ауысым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең:

$$N = \frac{3}{16.1} = 1 \text{ машина}$$

Маркасы Газель next автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 1,5 тонна, жылдамдығы 120 км/сағ.

Механикалық құралдар және бұйымдар есебінің мәліметтері Ә.2 кестеде көрсетілген.

2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Құрылыс сапасы – құрылыс процесінің барлық қатысушыларының: жобалаушылардың, тапсырыс берушілердің және мердігерлердің құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарын, мемлекеттік стандарттарды сақтауын қамтитын кешенді проблема, бұл салынған ғимараттар мен құрылыстардың ұзақ мерзімділігі мен пайдалану сенімділігінің, олардың экологиялық тазалығының, адамдар үшін қауіпсіздігінің және, сайып келгенде, пайдалану кезіндегі үнемділіктің кепілі болып табылады.

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқталып биткеннен кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосып, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу кезінде қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес болуын, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны қайта реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде қалпына келтіру керек.

2.6 Өндірістік қауіпсіздік техникасы

Қауіпсіздік техникасы - қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасауға және өндірісте келеңсіз оқиғалардың алдын алуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені.

Еңбекті қорғау мақсатында жұмысшылардың еңбегі қауіпсіз болуы мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасының мақсаты: өндіріспен байланысты жарақаттар мен аурулардың алдын алу. Еңбекті қорғау ережелерін бұзу–қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитария ережелерін немесе еңбекті қорғаудың өзге де ережелерін, осы ережелерді сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның бұзуы, абайсызда денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруі немесе абайсызда адам өліміне апарып соқтырса, ол адамның және азаматтардың конституциялық және өзге құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыс болып табылады.

